Бекітемін:

№29 «Ай-Керім» бөбекжай-

балабақшасының меңгерушісі

_______ А.Хожамуратова

*№29 «Ай-Керім» балабақшасы*

*Мектеп алды даярлық тобы*

# «Музыка әлеміне саяхат»



*Саз жетекшісі: Саулимбаева*

Scanned by TapScanner

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

«Айгөйлек» МАД тобы

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Оқу қызметі**: Музыка

**Тақырыбы:** «Музыка әлеміне саяхат»

**Мақсаты:** Музыка арқылы бала бойындағы дүниетанымдық,адамгершілік қаситтерін дамыту.

**Міндеттері:**

- Музыкалық дыбыстар туралы білімін қайталау және бекіту;
- Бала бойында таныс әуедерді жаңа бағытта сипаттай білу және айыру ;
- Музыкаға деген қызығушылығын арттыру;

**Көрнекілік**: Гүл,слайд,

**Сөздік жұмыс**: Нота-нота-not.Скрипка кілті-Скрипичный ключ-Treble clef, Ән-песня-song . Би-танец-dancing

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Музыка жетекшісінің іс-әрекеті** | **Балалардың і әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар залға марш екпінімен кіреді. Шеңбер бойымен жүреді, музыка ауысқанда, сол музыкаға сай қимылдар жасайды. Марш екпінімен орындарына отырады.<br>Сәлеметсіңдерме балалар!<br>(до-ре-ми-фа-соль-соль, ля-ля-соль) | Марш екпінім кіреді. Аяктар нык басып жүреді, жүгіред, жай қолдарын жоғары көтеріп жүреді.<br>Сәлеметсізбе апай. |
| **Ұйымдастыру шылық-ізденістік** | . - Балалар міне ғажап қараңдаршы біздің музыка залында тұрған бұл не болды екен. (Алдын ала дайындалған сиқырлы гүл)<br>Балалар қараңдаршы бұл не болды екен, есіме түсті, бұл біз танитын сиқырлы жеті түсті жапырақшалары бар гүліміз ғой солай балалар?<br>Бұл жай гүл емес сиқырлы гүл сияқты кәнекей балалар неше жапырақшасы бар екен санайықшы. (7)<br>Менің ойымша бұл ғажайып гүл бізді сиқырлы әлемге шақырғысы келетін сияқты. Балалар сендер бұл гүлді қандай ертегі арқылы білесіңдер?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар бұл сиқырлы гүл.<br>Ендеше балалар бәріміз көзімізді жұмайық...<br>(Сиқырлы музыка ойнайды.) | Балалар жауаб<br><br>.<br><br>балалар жарыс санайды.<br><br>Сиқырлы гүл |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка әлеміне саяхат слайды ашылады<br>Балалар қараңдаршы біз қайда келдік<br>Біздер музыка әлеміне келген сияктымыз.Ал мына сиқырлы фея бізді музыка әлеміне жетелейді. Ендеше сиқырлы гүлімізбен музыка әлеміне саяхатка аттанайық, жапырақшамызды ашайық.<br>«Шыр айналып әлемді<br>Сиқырлайды бар елді……»<br>1)Ноталар қалашығы<br>Қараңыздаршы бұл не?<br>(Музыкалық ноталарды көрсетеді) | Экранға көңіл аударып, қызыға көреді. |
| | Ноталар тұратын сиқырлы үй кімнің есінде?<br>Нота санында неше сызық бар екен? (5)<br>Барлық ноталардың патшасының аты кім?<br>(Скрипка кілті) | Балалардың жауабы. |
| | Музыка әлемінде неше нота бар. 7.<br>Ендеше барлық ноталарды әндетейік.<br>(балалар гамманы әндетеді) | (до - ре - ми - фа - соль - ля - си) |
| | Тағы саяхатқа аттанамызба?<br>Ендеше екінші жапырақшамызды ашайық.<br>«Шыр айналып әлемді<br>Сиқырлайды бар елді……»<br>Би ырғағына сай музыканың дыбысы естіледі .<br>Балалар тыңдаңдаршы бір музыка естілетін сияқты. | Балалардың жаубы |
| | Бұл қандай музыка екен?<br>Балалар бұл қандай музыкаға жатады би ырғыма әуен ырғағыма?<br>Дұрыс айтасыңдар би ырғағы.<br>Балалар біз би әлеміне саяхаттап келдік.<br>Олай болса экранға назар аударыңдар. | Би ырғағы |
| | «Қара жорға»<br>Балалар сендерге би ұнады ма?<br>Бидің қимылдары естеріңе қалды ма?<br>Ендеше сиқырлы гүлімізге арнап осы биді билеп көрсетейікші . | Балалар жауабы |
| | Әрі қарай сахаттайық балалар?<br>«Шыр айналып әлемді<br>Сиқырлайды бар елді……» | Балалар жауабы |
| | Барабан дыбысы естіледі.<br>Қандай ғажап балалар біз қайда келдік?<br>Балалар тыңдайықшы бұл әуенді музыка ма?<br>(шулы дыбыстар және музыкалық дыбыстар) | Барабан<br>Жоқ |
| | Қандай музыкалық дыбыстар болады?<br>кім жауап береді?<br>***Музыка тыңдау:*** | Балалардың жаубы |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | *«Музыкалық дыбыстармен шулы дыбыстар»*<br>Енді сендердің музыкалық қабілеттеріңді тексеріп көрейікші?<br>Әрі қарай саяхатымызға аттанайық?<br>(Көздерін жұмады)<br>«Шыр айналып әлемді<br>Сиқырлайды бар елді……»<br>ән дыбыс естіледі «Жаңа жыл»<br>Тағы да музыка естіледі. | |
| | Бұл әуен сендерге таныс сияқты ғой?<br>Бұл не екен? | Балалардың жаубы. |
| | Дұрыс айтасыңдар балалар біз ән әлеміндеміз.Біздер түрлі әндер білеміз бірақ ән айтар алдында біздер дауыс жаттығуын қайталап аламыз, дауыс жаттығуы бізге не үшін керек?<br>***Дауыс жаттығу***: «А», «О», «М» дауыстарының бір қалыпты шығуын қадағалау. Таза айтуларына көңіл бөлу.<br>Ендеше орындарымыздан тұрып ән айтайық<br>***Ән:«Тәуелсіз ел ұланы***»<br>Әрі қарай саяхатымызға аттанайық?<br>(Көздерін жұмады)<br>«Шыр айналып әлемді<br>Сиқырлайды бар елді……» | Кең тыныс алу, дауысты еркін шығаруға, дыбыстарды таза айтуға үйренеді. |
| | Қараңыздаршы бұл не?<br>(Музыкалық д/ойын көрінеді) | Балалардың жауабы. |
| | **Д/ойын: «Көңілді дыбыстар».**<br>Шарты: көңілді музыкамен секіріп барлығы бірге араласып билеп жүреді, музыка тоқтаған кезде балалар нота аттарымен тізіліп тұра қалулары тиіс : | Балаларға нота жазылған атрибуттар кигізіледі. |
| | До-ре-ми-фа-соль-ля-си-до. Ойынды 2-3 рет қайталап ойнауға болады. | Ойынды қызыға көңілді ойнайды. |
| | Бұл ойын баланың дене қозғалысын дамытып қана қоймай , жеті нотаны есте сақтауға көмектеседі. | |
| | Қарандаршы балалар біздің сиқырлы гүлімізде неше жапырақша қалды екен санайықшы.<br>Бірақ балалар біздер ол жапырақшаларды бүгін ашпаймыз,өйткені сиқырлы музыка әлемі өте үлкен және біз ол әлемде әлі де көп саяхаттаймыз. Ал сиқырлы гүліміз бізге болашақта көмектеседі. | Екеу |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Әдемді балалар біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз келді көздерімізді жұмып сиқырлы гүлімізбен балабақшамызға қайтайық<br>Балалар көздерін жұмады,<br>«шыр айналып әлемді<br>Бақшамызға әкетші!»<br>Сиқырлы музыка естіліп балалар көздерін ашады.<br>Мінекей бақшамызға да оралдық балалар сендерге саяхатымыз ұнадыма? | Балалар жауаптары |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Жарайсыңдар балалар маған сендердің билерің әндерің ұнады.<br>-Балалар, музыкада неше нота болады, атап беріңдерші?<br>-Нота белгілерінің алдында, қандай кілт қойылады?<br>-Ноталар неше сызыққа орналасады?<br>Балалар осындай оқу қызметіне тамаша қатысқандарың үшін сендерге көп көп рахмет.келесі кездескенше<br>Сау болыңыздар! | Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.<br><br>Сау болыңыз, апай! |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: нота таңбалары,скрипка кілті туралы. әнді әуенмен айтуды.
**Игереді:** дыбыстарды ажыратуды.
**Меңгереді:** әуенмен ілесе ырғақты қимылдар жасауды.

**Саз жетекші:Саулимбаева А.**



Scanned by TapScanner






Scanned by TapScanner